

Т. Амангелді
Ж.С. Сандыбаев

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: kabil-1988@mail.ru, nmu.zhalgas@gmail.com)

Исламға дейінгі «Соғыс» ұғымы және оның қазіргі таңдағы жиһадпен байланысы

Аңдатпа. Мақалада исламға дейінгі соғыс ұғымы және оның басты себептері жинақталып, бүгінгі таңда әлемде күрделі қиыншылық тудырып отырған діни ұғымдардың бірі – жиһад талданады. Жиһад ұғымын талдау барысында оның жүйелі, шарият шеңберінен шықпайтын қағидаларға бағынатын күрес екені көрсетіліп, соғыс ұғымы – ақылсыздықтан туындаған дұшпандық әрекет екендігі зерделенді. Ислам ғалымдарының «жиһад» тұрғысындағы дұрыс түсінігі мен экстремистік ағымдар арасындағы қате түсінікке салыстыру жасалды. Исламдағы жиһад ұғымының негізгі мақсаты – тура жолға салу және сол жолға апаратын құрал екендігі баяндалады. Жиһад ұғымының экстремизммен шатасу себептері және айырмашылықтары анықталып, көпшілік арасында қалыптасқан қате түсінік соғысқа желеу бола алмайтындығы баяндалады. Оған қоса, «жиһад» ұғымы заманнан заманға, мекеннен мекенге, жағдайдан жағдайға, қоғамнан қоғамға, адамнан адамға қарай өзгеріп отырады. Жеке адамдар мен кейбір топтардың және ұйымдардың өз бетінше жиһад жариялауға құқықсыз екендігі түсіндіріліп, қазіргі таңда кейбір лаңкес керітартпа топтардың жасап жатқан әрекеттерін бүкіл ислам ғалымдары ислам дінімен мүлдем үйлеспейтініне бірауздан келісетіндігі айқындалды.

Түйін сөздер: жиһад; ислам; дін; соғыс; экстремизм; нәпсі; шейіт; империя.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-133-4-33-41>

Кіріспе. Жер бетінде ислам дініне дейін пенделік себепті көптеген соғыстар орын алғанын тарих сахнасынан анық көреміз. Соғыстардың әр-түрлі себептері болғанымен басты түрткісі – материалдық игіліктерге (пайдаға) ұмтылу және басшылық құмарлық. Исламға дейінгі соғыс ұғымы – асақатал, қырып-жоюды көздеп, қарсы жақты бағындыруға, не қарсы жақты құрту мен күйрету болған. Осындай ұғымдағы соғыста көбінесе бейуаз, әйелдер мен балалар, қариялар жәбір көреді. Соғыс адамзат табиғатының атадна жалғасып келе жатқан қасиеттерінің бірі. Сол себепті ислам діні адам табиғатының соғысқұмарлық қасиетін ескере отыра, асыл діннің аясында болуын қадағалап, тиісті қағидаларды құрды. Исламдағы «жиһад» ұғымы – асыл ісі екенін

дәлелдеу мақсатында ескі заман тарихындағы соғыстың ұғымы мен себептерін талқылау қажет. Соның нәтижесінде «жиһад» ұғымын «соғыс» ұғымы мен байланыстыру қателік екені анық көрінбек.

Әдіснама. Бұл мақалада исламға дейінгі «соғыс» мәселесіне тарихи теориялық талдау жасалады. Зерттеу барысында негізінен теологиялық және компаративистикалық әдіспен қатар ғылыми зерттеудің дәстүрлі әдістері интерпретациялық талдау, салыстыру, сипаттау, түйіндеу сынды ғылыми әдіс-тәсілдер қолданылды.

Исламға дейінгі соғыстардың себептері және олар қай жолда болды.

Әр түрлі ортада бой көтеріп келе жатқан терең тамыр жайған ұжымдық рухани

агрессивті себептерді мақсат етпейміз. Өйткені бұл терең тамыр алған себептерді (экономика, география, тарих, географиялық орын) қазіргі таңға дейін жаңадан пайда болған сала – «Соғыс ілімі» зерттеу барысында. Мақсатымыз – көзге ашық көрінетін себептер. Көп жағдайда олар шындықтың пердесі болуға септігін тигізеді. Осы арада көптеген тарихи және шет тілдерден аударылған кітаптарға зерттеу жүргізу арқылы бізге мәлім болған сол ежелгі соғыстардың түрткілеріне тоқталсақ [1].

1. Әлеуметтік тұрмыстық қажеттіліктер:

Бұл себепке алғашқы кезеңдердегі көшпенді халықтың (жер дауы) мал жайылымы, өріске, шабындық жерлерге таласып қақтығысуы мен шөлді жерде, табиғаттың сынағына төзімі бітіп отаршылдыққа көшкен қалалық халыққа шабуыл жасағандардың жатқызамыз. Шабуыл жасауларындағы себебі – жан сақтау үшін немесе жерді иемдену мақсатында болған. Осындай ұрыстардың алуан түріне қазақ даласы куәгер болғанын тарих жоққа шығара алмас. Оған мына халықымыздың аузында жүрген мысал «мал амандығы – жан амандығы» айғақ болатыны анық [2].

2. Аш көздікпен мал басын көбейту:

Өзгелерге шабуыл жасаудағы себеп – жер дауы емес мал дауы, жердің байлығын пайдалану болған. Мал басын арттырып, құнды асыл тастарды және қазба байлықты олжалап нәпсінің қалауын орындау. Олардың бар уайымы – пайдаға қол жеткізу. Ал басып алған жерлердің қауіпсіздігі мен тыныштығы маңызды шаруа емес еді [3].

3. Лаңкестік, қарсыластың мысын басыу:

Соғыс ашудағы негізгі себеп – өзгеден күші басым қарулы екенін дәлелдеу және дұшпанның бой көтеріп, шауып кетпесі үшін сағын сындыру. Бұл көшпенді дала халқының өмір салты еді. Ол кездегі өмірдің заңдылығына қарай адамдар екі топқа бөлінетін: 1-күші көп халықты қанаушы топ, 2- жәбір шеккен қара топ. Қараңғылықтың салдары «адамдарға жәбір көрсетпеу, жәбірге ұшырау» деген әділетсіз заңдылықтың пайда болуына апарды.

4. Кек алу, есесін қайтару:

Бір ру келесі рудың адамын немесе руластар бірін-бірі өлтіріп, билердің және ақсақалдардың кесіп берген айпты төлеуден бас тартып, қан төккен жақты түбегейлі жою үшін немесе араларында соғыстың болғанын қалап, қан төгушілікке айдап салу соғыстың басты себебі болған [2].

5. Зұлымдық шеккенге жәрдем беру:

Надандық дәуірінді орын алған оқиғалардың бірі араб аралындағы яғни, Ясриб қазіргі Мәдина қаласының тұрғындары – Әус және Хазрәж тайпаларының еврейлерден жеңіліп, жапа шегіп, салық төлеп, жағдайлары нашарлап тығырыққа тақалған сәтте Шам өлкесіндегі Ғассандықтардан көмек беруін өтінді. Ғассандықтар келіп жергілікті тұрғындарға көмек беріп еврейлердің басшыларын жойып, Ясирптіктерге бұрынғы үстемдіктерін қайта қолдарына береді [4].

6. Қонаққа жасалған қорлықты қанмен жуу:

Бұл соғыстың себебі «Һатиб күні» деп аталған араб күндерінде жатыр. Сол заманда Әус тайпасының көсемі Һатиб ибну Қойстың үйіне Зубияндық қонаққа келеді. Ертесінде қонақ «Бәни Қойнақағ» базарына барады. Базардағы хазраждық келсімге отырған еврейге; мына зубияндықтың құйрығынан тепсең шапанымды беремін дейді. Еврей кідірместін оның құйрығынан базардағы барша халық естітіндей теуіп кеп жібереді. Сонда зубияндық; Ей...Һатиб!, қонағыңды құйрықтан тепті, масқараланды! Оны естіген Һатиб келіп тепкен еврейді өлтіреді. Хазраждықта Һатибқа бас салады. Бірақ ол сытылып кетеді. Хазраждық шарасыз қалғанын түсініп кезіккен Әустік бір адамды өлтіреді. Осыдан екі тайпаның арасында соғыс оты қайта жанады [4].

7. Ар ұжданды қорғау:

Арабтардың надандық кезеңдеріндегі «Фижар» соғыстарының бірінде орын алған оқиға. Олай аталуының себебі – оқиға соғысқа тыйым салынған «харам» айларында болған. Қурайш және Кинәнә тайпасының ер жеткен жастары Қойстық әйелге «Ғуказ» базарында қырындап, бетін ашуды талап етіп тиіседі. Ол

бас тартқан сәтте олардың біреуі отырған кезде артынан айналып келіп киімінің бір ұшын босатып алып басқа жерге байлап қояды. Әйел орынынан тұрған сәтте киімі шешіліп денесі көрініп қалады да, айқай салады: Ей... Өмір, масқара болдым қара бетім ау!, дейді. Оны естіген Кинәндықтар қылыш ала жөнелеі де «Қойс» және «Кинәнә» тайпаларының арасында харам айында соғыс басталып кетеді [4].

8. Мақтану үшін күндерге қол жеткізіп, өзгелердің абройын аяққа басып қорлау:

Бұл себепке мысал болатын оқиға – «Бистом бин Қойс» Шәйбән ұрпағының төресі анасы «Ләйлә бинт әл-Аһуас»-қа былай деген; Анашым, сізге барлық өңірден, елден күндерді қызметкер еттім. «Доббә» ұрпағынан сізге күнді қызметкер етпегенімше алған бетімнен қайтпаймын. Яғни: «Доббә» ұрпағын қорлап, абройын тапттап, әйелдерін қолға түсіріп күндікке жығу [4].

9. Өзгелерге күшпен билік жүргізу:

Бұл себеп келесі көріністе айқын көрінеді; «Әл-мунзир ибну мә әссәмә» әл-Хира елінің патшасы «Бәкр» тайпасына елші жіберіп, олардан бойұсынуларын талап етеді. Олар бас тартады, сонда Хираның патшасы әскер басын тақап, қолға түскендерін тірі қалдырмай «Уара» тауының басында қандары етегіне жеткенше бауыздап тастаймын деп ант етті! Екі жақ таудың жанында жолығады. Өте күшті айқастың нәтижесінде «Бәкр» жеңіліп, патшаның қолына көп тұтқын қолға түседі. Патша берген антына сай таудың басында қолға түскен тұтқындардың басын алдырады. Ақан қан орынында қатып қала береді. Сонда оған; сен жер бетіндегі Бәкірліктердің бәрін бауыздасаң да қанды етегіне жеткізе алмайсың. Лағынетке ұшырағын келмесе қанға су құйсаң жетер еді дейді. Қанға су құйып айтқандарындай жасайды. Қан тау етегіне жетеді.

10. Надандық дәуіріндегі кейбір соғысқа айдап салатын түсініктер:

Оған мысал: «Бауырыңа арқа бол – жапа шегуші болсын немесе жапа шектіруші болсын». Бұл мысалдан түрткісі

– мақтаншақтық, өзгелерден басымдылығы себепті зұлымдық, қиянат жасауға шамасы жетуі, басқа тараптың әлсіз болуы. Осындай түрткілер мазмұны дұрыс болған түсініктерді орынды қолдануға бөгет жасап отырған [2].

11. Материалдық табыстарға және тұтқындарды құлдыққа салу мен арзан жұмыс күшіне қол жеткізу:

Ежелге елдің көпшілігіндегі қалыптасқан әдеттің бірі – соғыста басым болған жеңілген тараптын әйелдерін күндікке салып, ұлдарын қызметке жұмсап, ерлерін құлдыққа басып, ауыр шаруға салып арзан жолмен табысқа қол жеткізу. Себебі, қолға түскен жаудың адамдары жаулап алғандардың соғыстан түскен қазына көзі болып саналған. Бұл арсыз әрекеттерін Құран Кәрімде «Нұр» сүресі 33 аятында, надандық дәуірінің шекесіне басылған ұжандысыздық амалы ретінде баяндағын. (... дүниедегі ку тіршіліктің болмашы пайдасына бола арын таза сақтауды қалайтын күндеріңді арсыздыққа итермелемеңдер...) [1].

12. Ақиқатқа насихаттаушылық немесе бірбеткейлік себепті діндегі алауыздық:

Діндегі қарама-қайшылық үлкен қақтығысқа апарып соққанын тарих сахынасынан көруге болады. Ақиқат жолындағы келіспеушіліктің салдарынан өршіген ұрыстарды Құран Кәрімде толық баяндап берген. Мысалы; Дәуд Пайғамбармен Жәлуттің шайқасы, Сүлеймен Пайғамбардың адамдарды бір Алладан басқаға құлшылық етуден азат ету жолындағы «Сәбә» патшайымы «Бәлқиса» мен соғысы.

13. Билікке талас:

Рим империясының тарихындағы әскер басшылығының бастауымен мемлекет басындағы билік үшін әскери төңкеріс жасауы. Ибну Хишәмның шығармаларында араб аралындағы Меккеге билік жүргізу жолында екі ел арасындағы қақтығысы. Осы сында ұрыстарды қазақ даласы да басынан өткізгендігін жақсы білеміз [5].

14. Стратегиялық маңыздылығы жоғары аумақтарға талас:

Оған Палестина жері үшін болған күресті мысал ретінде айтуға болады. Палестина жері аймақ көлемін және аймақтық билігін жайғысы келген алып мемлекеттердің әскері

ат басын тіреп кездескен майдандардың бірі еді. Себебі, Палестинаның орналасқан жері стратегиялық және экономикалық маңызы зор еді. Сондай-ақ екі жағынан қоршаған көршілес алып, күшті мемлекеттер кезектесе басып алып отырды. Өйткені Палестина – азия мен африканы қосатын көпірдің бас болып есептелетін. Мысыр елі өзінің билігін жүздеген жылдар жүргізгеннен кейін «эл-Гибарндықтар» халқын қырып, басып кіреді. Арада аз уақыт өте «эл-Әшуриун» оның сол түстік жағын жаулап алады. Олардан кейін он түстігін «эл-Кәлдәниун»-дер бөліп алады. Содан соң Парсы елі әскерін жұмылытп толық билігіне кіргізеді. Одан соң Александр Македонский соғыс ашады кейін Ислам діні келіп өз қармағына алмағанша Римдықтар да шабады [3].

15. Мемлекет ішіндегі және іргелес орналасқан аймақтардағы бой алған төңкерістерді басу:

Мемлекет ішіндегі төңкеріске келсек, Рим империясының тарихындағы «Сикқилия»-да бой алған құлдардың көтерілісін айтсақ болады. Көтерілістің бой алу нәтижесі – құлдарға көрсетілген әділетсіз қарым-қатынас. Сол көтерілісте алпыс мыңға жуық құл ашуға бой алдыртып, билік етіп отырған басшыларын өлтіріп, қалалар мен ауылдарға биліктерін жүргізе бастайды. Кейін өздерінің тәуелсіз мемлекетін құрады. Содан Римдықтар оларға қарсы әскер құрып ұзақ жылдарға созылған соғыс жүргізеді.

Ал шеткі аймақтардағы төңкерістерге келсек, «эл-Кәлдәнийн»-дықтардың патшасы «Бухтаннаср»-дың басшылығындағы әскер Шам және Палестина жерлеріндегі көтерілісті басады. Көтерілісті өршіткен, елді патшасының әлсіздігімен мемлекет ішіндегі туындаған проблемаларды алға қоя отыра айдап салған Мысыр елі еді. Бірақ «Бухтаннаср» ол елдің тұрғындарын нақтырақ айтқанда «еврей»-лерді жазаға тартып, «Иерусалим»-ді құлатып, халықтың көпшілігін «Бәбил»-ге жер аударады [3].

16. Басқа елдердің ішкі саясатына және ісіне араласу:

Мысыр және «Әшур» арасындағы тарихи соғыстың себебінде анық көрінеді. Мысыр

«Әшур»-ге бағынышты азияның батысындай халқты қарсы қойып, төңкеріліс жасауға айдап отырған. Ал халықтың «Әшур»-ге қарсы бой көтеруі, оларға жүктелген салықтан бір жолата құтылу сәті түсіп тұрған еді. Оны түсінген «Әшур» тез арада халықты өзіне айдап салған Мысырды сабасына салу керектігін түсінді. Осылайша Мысырға қайта-қайта әскер жіберудің нәтижесінде Мысырдың төменгі жағын басып алып, біраз жылдар билейді [2].

17. Әлемді билеу:

Ескі заман тарихында «Әшур»-дың әлемді билеуге тырысқанын және де Александр Македонскийдің Парсы патшасы «Дарауйс» пен бітімге келе алмай соғысқандығын, Александр Македонскийдің көкसेгені әлемді толық билеу екендігін баяндағын. Сондай-ақ 120 жылға жалғасқан Римдықтармен «эл-Құртаж» империялар шайқасынның себебі – әлем билігі екендігін жақсы білеміз. Алысқа барамай-ақ жаңа заман тарихында алып империялар отарлау саясатын қарқынды жүргізіп, жер шарын өзара бөлісіп алғанын тарих сахнасынан анық байқауға болады. Адамзат тарихы сансыз соғыстарға толы. Бірақ көлемі, зардабы, адамзаттың даму үрдісіне ықпалы жөнінен 1939-1945 жылдары орын алған Екінші дүние жүзілік соғыстан асқан зұлматты соғысты табу қиын. Бір сөзбен айтқанда, бастан-аяқ қаруланған алып империялары әлем елдерін екіге бөліп алуды ғана ойлады [3].

18. Өмір сүру салтының әр түрлі болуы

19. Мемлекет және халықтың бірлігін құру және бөлшектенудің факторларын жою

20. Отанды шетелдік басқыншылықтан азат ету

21. Мемлекеттің мұралығына көз тігу

22. Қарсылас арасындағы тепе-теңдікті қалпына келтіру

23. Мемлекеттің сыртықы шетелдік мүддені қорғау

24. Мемлекет арасындағы келісімді бұзу

25. Одақтасуға мәжбүрлеу

26. Келсімге отырған мемлекеттерді келісім-шартты бұзуға мәжбүрлеу арқылы

Ислам ғалымдарының «жиһад» тұрғысындағы дұрыс түсінігі	Экстремистік ағымдар арасындағы «жиһад» туралы қате түсінігі
<p>1) Жиһад ұғымының ауқымдылығы: Алла Тағаланың заңдастырған жиһады – асыл іс. Ол әр-түрлі төменгі жолдармен жүзеге асады.</p> <ul style="list-style-type: none"> -жүрекпен, -насихаттаумен, -айғақ келтірумен, -баяндаумен, -ақыл жүргізумен. <p>Сондай-ақ аталған тәсілдердің барлығын қолдана келе қажеттілік туындаған сәтте және агрессиялық әрекеттер пайда болған жағдайда соғысумен, күш көрсетумен [7].</p>	<p>1) Жиһад ұғымын тек соғысу, қан төгу деп шектеу.</p>
<p>2) Жиһад – құрал. Басты мақсаттың өзі емес. Ал құралдар – үкімдер, басқа үкімдерге толық түрде қол жеткізу үшін заңдастырылған [8].</p>	<p>2) Жиһад олардың пікірлерінде – басты мақсаттың өзі.</p>
<p>3) Көпшілік ғұламаларда жиһад ұғымының ең үлкен мақсаты – тура жолға салу. Ұлағатты имам әт-Тақиу әс-Сүбхи былай дейді:</p> <p>Пайғамбарымыз Алиді Хайбарға жіберген сәтте: « Алла Тағала сен арқылы бір пендені тура жолға салғаны қызыл түйеден де артығырақ» деген. Елшіміздің соғыс жағдайындағы ұстанымы байқадық – «соғыс» -тың түпкі мақсаты адамзатты тура жолға салу. Алланың бірлігі мен ислам шариғатына шақыру. Оның барлығын олар үшін және келер ұрпақ үшін қияметке дейін қол жетімді ету. Осындай асыл мұратқа жетелейтін оған тең келер нәрсе жоқ.</p> <p>Мүмкіндік болса адамзатты ақиқатқа және тура жолға ілім, ой жүгірте пікір таластыру, туындағын күмәнді, түсініксіздікті жою арқылы шақыру абзал. Осыдан туындаған қорытынды – ғалымдардың медеті мен қолдауы қан төгіп құрбандық жасағандардан (шейіттерден) артық [9].</p> <p>Ал егер тек соғысу, қан төгу жол ғана қаласа және аталған жолдарға сүйену мүмкіндігі болмаған жағдайда біз келесі мақсаттарда соғысамыз; тура жолға салу – ең жоғарғы статус. Қарсыластың қолынан шейіттік дәрежеге жету – мақсаттың орташа дәрежесі. Себебі бұл жол «құрбан болу» ол тек, мақсатқа апаратын құрал. Ал негізгі мақсат – Алла Тағаланың сөзін үстем ету. Ғұлама, имам әл-Иззу ибну Абду әс-Сәләмнің айтқан қағидасы: (Расында құрал және тәсілдердің барлығы негізгі мақсаттарын жоғалтумен оларда құралдық немесе тәсілдік мәнін, маңыздылығын жоғалтады)[6].</p>	<p>3) Жиһад пен соғыстың еш қайсысы тура жолға салуда әсте рөл атқармайды.</p>
<p>4) «Жиһад» – шариғаттық үкім. Ол ерлік немесе қорғану емес. Шариғаттағы пендеге міндеттелген үкімдердің құрамына жатады. Нәтижесі мен мақсатына, жағдайдың бағалануына қарай – кейді міндет (уәжіп) болса, кейде жақсырақ (мәндуб), тіпті арам (харам) үкімін алады</p>	<p>4) «Жиһад» немесе соғыс олардың ұғымдарында – ақылсыздықтан туындаған дұшпандық әрекет. Бұл әрекет діннің де ақылдың да қадағалауында жоқ. Бәлкім – жалған</p>

<p>егер тиісті шарттарын жоғалтып алса. Алла Тағала шарифаттағы үкімдерді заңдастырғандай оларды заңсыз қылып үкімділігін жоятын нәрселерді де заңдастырған. Кейбір жағдайларда жиһадтың сыртқы бейнесі мен көрінісі дұрыс бола тұра тиісті орынында іске асырылмағандықтан және шарифат ережелеріне қайшы себепті болмысы, ақиқаты дұрыс емес болуы мүмкін. Егер ол шарифат ережелерінен шығып кетсе – дұшпандық, қан төгушілік, себепсіз өлімге, жер бетінде қиратушылыққа айналады. Елшіміз дәреттің әдептерін баяндай отыра (кімде кім дәрет суын көрсетілген мөлшерінен асыра қолданса жамандық және зұлымдық жасағаны) деді. Адамның жеке бастық тазалық мәселесі болса да суды шарифаттағы көрсетілген мөлшерден асырып жіберуді зұлымдық деп бағалады. Алла Тағаланың ардақтап ең көркем бейнеде жартақан құлының басын шарифаттық еш бір негізсіз шауып, қанын төгіп, адам затты үрейге салып, тыныштықты жойып бастық жасауды қалайша ислам дейміз?! Мәселенің ақиқаты – адамның санасын ойыншық қылатын нәпсінің энтузиазмы. Ауруға шалдыққан, қыңырлы нәпсінің құмарлығын адамдарды бойұсындыру арқылы қанғаттандырып, барлық жасалған қылмыстарды, алып қашпа сөздерді асыл шарифатқа жатқызады да адамдарды діннен қайтарады. Дұшпандыққа қарсы, қоғамның бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын, ар-ұжданды аяқ асты етуге жол бермейтін «жиһад» бабын қан төгушілік және үстемділікке апаратын нәпсінің құмарлығына айналдырып алуда. Ғұлама имам әл-Қарофи «әл-Фуруқ» атты кітабында былай дейді: « Алла Тағала үкімдерді заңдастырғандай үкімдердің зыңдылығын жоятын тетіктерді де заңдастырған» [6].</p>	<p>түсінік. Аса ірі қанды қырғынды, бастарды кесуді жасап алған соң сол қылмыстардың барлығына «жиһад» атауын береді. Оның нәтижесі – адамдарды діннен бездіріп, дінсіздікке итермелеу, дінге дақ жағу.</p>
---	---

соғыс жариялауға аргумент ретінде қабылдау

27. Дұшпанның болашықтағы күшінен қауәптеніп, оны күшейместен бұрын жою «Профилактикалық соғыс»

28. Ел шетіндегі сепаралистік қозғалыстарды және билікті басып алушыларды жою

29. Үйдің ішкі тазалығы: елді бүлік, бұзғыншылық, сыбайластық немесе билікке деген құштарлық элементтерінен тазарту

30. Өкілетті соғыс

Жоғарыда айтылғандар соғыстың өршуіне түрткі болатын кейбір себептер. Олардың барлығы үлкен не кіші, ауқымды не шағын, ішкі не сыртқы ескі заман кезеңіндегі исламға

дейін орын алған шайқастар. Бұл соғыстардың себептері мен негізгі түрткісін жоғарыда көрсетіп кеткенімнен де қысқартып баяндауға болар еді. Менің осы үлгіде мазмұндауымның себебі – осы тәсіл сол замандағы болып кеткен соғыстарды қазіргі таңда дұрыс түсінуімізге және баға беруімізге сондай-ақ бүгінгі күндегі соғыстардың себептерін анықтауға септігін тигізбек.

Аталмыш себептерді концентрациялау:

Заманауи мұсылман ойшылдарының бірі ескі замандағы не қазіргі таңдағы соғыстардың себептерін түпкі екі себепке жинақтады [2].

Олар:

- Материалдық игіліктерге (пайдаға) ұмтылу
- Бастылыққа құмарлық

Ескі замандағы соғыс майдандарына шолу жасай келіп, ислам дініндегі «жиһад» майданына келіп жеттік. Исламдағы «жиһад» ұғымын және оның маңыздылығын айқындау мақсатында дұрыс жолға жеткізетін асыл іс болып саналатын Алла Тағаланың заңдастырған «жиһад» ұғымымен экстремистік ағымдар арасындағы «жиһад» туралы қате түсінікке салыстыру жасасақ [6].

Қорытынды. Исламдағы «жиһад» өте масштабты ұғымы. Алла алдында дәрежесі жоғары, асыл іс болып саналады. Ислам дініндегі маңыздылығы жоғары, мейірімнің қайнары болған жер бетінде әділдікті орнатып адам баласын тура жолға салу үшін заңдастырылған үкімді қалай – қанды шайқас, ұрыс, дұшпандық, қатыгездік, қанішерлік,

айуандық, мәдениетсіздік деп айыптауға болады? Осы ауқымдылығы кең үкімнің ең соңғы іске асырылатын шарасының бірі, «жиһад» ұғымының негізгі мән, мағынасына жатпайтын, алға қойылған мақсатқа апарар құралдардың бірі болып саналтын «соғыс»-ты, «жиһад» деп жалпылама айту, баға беру – асыл дінімізге жасалған қиянат болар.

Адамзат тарихында алуан-түрлі шайқастар өткен. Қазіргі күнге дейін сол қанды шайқастардың зардабын тартып, көз алдында елестетіп отырғандар аз емес. Кешегі күн, бабаларымыздың жанталасы келер ұрпақтың санасында ұмытылмас мөр болып қалары анық. Сол себепті де ешкімге аяушылық көзбен қарамайтын «соғыс» ұғымы мен дініміздің асыл ісі – «жиһад» ұғымын күдіксіз етіп анықтап беруіміз міндет.

Әдебиеттер тізімі

1. 314 – Гастон Ботол Ринье Карир: "الحروب والحضارات". – Жан Либос Анікан мен المعهد الفرنسي (لعلم الحرب), 1945м.
2. محمد خير هيكل: "الجهاد و القتال في السياسة الشرعية". – بيروت: دار ابن حزم, 1993м. – 14 ص.
3. جايمس هنري براسند: "العصور القديمة". – بيروت: طباعة الاميركانية, 1926م. – 91 ص.
4. محمد أحمد المولى بك: "أيام العرب في الجاهلية". – القاهرة: مكتبة اليايية الحلبية, 1942م. – 62 ص.
5. عبد الملك بن هشام: "سيرة ابن هشام". – لبنان: دار الكتب العربية, 1990-1955م. – 125-123 ص.
6. أسامة السيد محمود الازهري: "الحق المبين في الرد على من تلاعب بالدين". – أبو دبي: دار الفقيه للنشر و التوزيع, 2015م. – 101 ص.
7. منصور بن يونس بن إدريس البهوتي: "كشاف القناع عن القناع". – الرياض: دار العالم الكتب، – بيروت: مكتبة الاسلامية, 1403م. – 503-36 ص.
8. محمد الطاهر بن عاشور: "مقاصد الشريعة الاسلامية". – قطر: وزارة الأوقاف و الشؤون الاسلامية, 2004م. – 148 ص.
9. Хайретдинов М. Джихад сквозь призму современной эпохи / М. Хайретдинов. - Москва: Медина, 2014. - 63 с.

Т. Амангелді, Ж.С. Сандыбаев

Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Казахстан

Концепция «войны» в доисламский период и ее связь с современным джихадом

Аннотация. Статья включает в себя концепцию войны в доисламский период и основные причины ее возникновения, а также анализ джихада, одного из религиозных понятий, вызывающих серьезные проблемы в современном мире на сегодняшний день. В ходе анализа понятия «джихада» было показано, что он является сражением, подчиняющимся принципам в рамках шариата, в то время как понятие войны - вражеские действия, возникшие по причине невежества.

Также было проведено сравнение между правильным понятием «джихада» с точки зрения исламских ученых и ошибочным пониманием экстремистских течений. В статье определено, что главная цель понятия «джихада» в исламе - наставить на верный путь, а он является средством, ведущим на этот путь. При анализе концепции джихада объясняется, что это систематическая борьба, основанная на шариате,

и различия между концепцией джихада и экстремизма. А также неправильное понимание концепции джихад не может быть причиной для войны. Кроме того, понятие «джихад» меняется время от времени, от места к месту, от ситуации к ситуации, от общества к обществу, от человека к человеку. Было объяснено, что отдельные лица и определенные группы и организации не имеют права объявлять джихад по собственному желанию, и ясно, что все исламские ученые единодушны в своем мнении о том, что действия некоторых террористических экстремистских групп несовместимы с исламом.

Ключевые слова: джихад; ислам; религия; война; экстремизм; нафс; шиит; империя.

T. Amangeldi, Zh.S. Sandybayev

Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak», Almaty, Kazakhstan

The concept of the «war» in pre-Islamic period and its connection with the modern jihad

Abstract. The article includes the concept of war in the pre-Islamic period and the main reasons for its occurrence, as well as the analysis of jihad, one of the religious concepts that causes complicated issues in the modern world nowadays. During the analysis of the concept of «jihad» it was shown that it is a battle, subject to the principles of Sharia, while the concept of war is hostile actions that arose due to ignorance.

A comparison was also made between the correct concept of «jihad» from the point of view of Islamic scholars and the misunderstanding of extremist movements. The article defines that the main goal of the concept of jihad in Islam is to guide on the right path, and it is a means leading to this path. An analysis of the jihad concept makes it clear that it is a systematic fight that follows principles and does not go beyond sharia. The article determines the reasons behind the confusion between the jihad and extremism and elucidates their differences, while also considering why despite a widespread misconception it cannot be used as a reason for war. In addition, the concept of «jihad» changes from time to time, from place to place, from situation to situation, from society to society, from person to person. It was explained that individuals and certain groups and organizations do not have the right to declare jihad at will, and all Islamic scholars are unanimous in their opinion that the actions of some terrorist extremist groups are incompatible with Islam.

Key words: jihad; Islam; religion; war; extremism; ego; shia; empire.

References

- 1 Boutoul G. Alhurub ua Al-Khadorat [Wars and Civilizations] (Al-Maghad Al-Fransi Li ilim al-Kharb, 1945). [in Arabic]
- 2 Muhammad Khair Heikal Al-jihadu ua Al-Qitalu fi as-siyasati ua ash-sharigati [Jihad and fighting in legitimate politics] (Dar ibnu Hazm, Beirut, 1993). [in Arabic]
- 3 James Henry Brasted Al-gusur al-Qodima [Antiquity] (Tibaga Amrikania, Beirut, 1926). [in Arabic]
- 4 Muhammad Ahmad al-Muul Bek Ayamul Arab fil Zhahiliya [The Days of the Arabs in the Pre-Islamic State] (Muktabatu Al-Babi, Cairo, 1942). [in Arabic]
- 5 Abdul Mulik ibnu Hisham. 1955-1990. Siratu ibnu Hisham [The biography of Ibn Hisham] (Lebanon, Duru al-Qutub al-Arabia). [in Arabic]
- 6 Usam as-Sayd Mahmud Al-azhari Al-hakkul Mubin fi rodidi ala man talgaba bi din [The stated right to respond to those who manipulate religion.] Abu Dubai] (Darul Fakhir li nashri ua tauzig, Abu Dhabi, 2015). [in Arabic]
- 7 Mansur ibnu Yunus ibnu Idris Al-Bahuti Kashful qonnag an matni al-Iqnag [Scouting the Mask from the Mask] (Riyadh, Durul Alam al-Qutub, 1403). [in Arabic]
- 8 Muhammad Өt-Tohir ibnu Ashur Maqosidu ash-Sharig [The Objectives of Islamic Law] (Uizaratul auqof ua Shuun al-Islamiya, Qatar, 2004). [in Arabic]
- 9 Khairtdinov M. Dzhihad skvoz' prizmu sovremnoy epohi [Jihad through the prism of the modern era] (Moscow, Medina, 2014, 63 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Амангелді Тілекқабыл – корреспонденция үшін автор, Ph.D. докторанты Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университеті. Алматы, Қазақстан.

Сандыбаев Жалғас Садуақасұлы – философия ғылымдарының кандидаты, доцент. Нұр-Мубарак Египет ислам мәдениеті университетінің Оқу-әдістемелік басқарма басшысы. Алматы, Қазақстан.

Amangeldi Tylekkabyl – **Corresponding author**, Ph.D. doctoral student of the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak. Almaty, Kazakhstan.

Sandybayev Zhalgas Saduakhasovich – Candidate of Philosophical Sciences, docent, Head of the educational and methodological department of the Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak. Almaty, Kazakhstan.